



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫН ІСКЕ
АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО ПРАВА В
СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»**



**COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF CRIMINAL
LAW FROM THE VIEWPOINT OF IMPLEMENTATION OF LEGAL
POLICY OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»**

НУР-СУЛТАН - 2021

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМЫТУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОГО
ПРАВА В СВЕТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«PROBLEMS AND PROSPECTS OF THE DEVELOPMENT OF
CRIMINAL LAW FROM THE VIEWPOINT OF
IMPLEMENTATION OF LEGAL POLICY OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN»**



УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

Редакционная коллегия

Нурмагамбетов А.М. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Сембекова Б.Р. – кандидат юридических наук, профессор, заведующая кафедрой уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Тлепина Ш.В. – доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой международного права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Галиакбарова Г.Г. – PhD, и.о. доцента кафедры гражданского, трудового и экологического права ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Балгынтаев А.О. – PhD, заместитель декана по научной работе юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Мергембаева Н.Б. – кандидат юридических наук, доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

Қ18

«Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын іске асыру аясындағы қылмыстық құқықтың мәселелері мен дамыту перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның еңбектер жинағы = Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития уголовного права в свете реализации правовой политики Республики Казахстан» = Collection of Materials of the International Scientific and Practical Conference «Problems and Prospects of the Development of Criminal Law from the Viewpoint of Implementation of Legal Policy of Republic of Kazakhstan». – Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» жеке кәсіпкер, 2021. = Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.», 2021. = Nur-Sultan: Imprenditore individuale «Bulatov A.Zh.», 2021. – 330 б. (с., р.)

ISBN 978-601-337-619-6

На международную научно-практическую конференцию представлены 60 научных статей, из них 47 статей – учеными, научными и практическими работниками и 13 статей – молодыми учеными.

На конференции наряду с казахстанскими учеными, приняли участие представители зарубежных государств, в том числе из Азербайджана, Белоруссии, Киргизии, Литвы, Польши, России, Швейцарии, Эстонии.

Научные доклады подготовлены в соответствии с темой конференции, посвящены вопросам развития и совершенствования уголовного и иных отраслей права, анализу законодательств Казахстана и некоторых зарубежных стран. Также в них исследованы актуальные вопросы и перспективы совершенствования правовых отношений в свете реализации правовой политики Республики Казахстан.

УДК 343.2/.7 (574) (075.8)
ББК 67.408 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-619-6

ЭСТОНИЯ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ СОТТАРҒА ЖІБЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Балгынтаев Асет Оралгазыевич

PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
E-mail: aset.balgyntaev@yandex.kz

Халықаралық заңнаманы, шетелдік сарапшылардың ұсынымдарын және қолданыстағы тәжірибені зерделеу Қазақстанның қылмыстық сот төрелігіндегі құқық үстемдігі индексіндегі рейтингін жақсарту мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуді жетілдіру бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің процестік нысанын оңтайландыру және жаңғырту Қазақстанның қылмыстық-процестік саясатын дамытудың қазіргі кезеңінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында «Қылмыстық саланың жаңа моделі ЭЫДҰ елдерінің қолданыстағы халықаралық стандарттары негізге алынуға тиіс: полиция - прокурор - сот. ЭЫДҰ елдерінде қылмыстық сот ісін жүргізудің мұндай жүйесі халықтың полиция мен соттарға сенімін барынша қамтамасыз етеді» [1] - деп белгіленген.

Мұндай өзгерістер қорғау тарапына дәлелдемелер жинау және оларды сотқа ұсыну бойынша неғұрлым кең мүмкіндіктер бере отырып, тараптардың сайысушылық қағидатының мүмкіндіктерін кеңейту көздейді.

Жалпы алғанда, бүгінгі күннің өзінде заң шығарушы қорғаушылардың өкілеттіктерін кеңейтуге, соттарда қылмыстық істерді тергеу мен қарау рәсімдерін жеделдетуге және қысқартуға бағытталған әрекеттерді жасауда. Айыптау үкімдерін шығаруды төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл тұрғыда қылмыстық процестегі диспозитивтілік принципіне үлкен көңіл бөлінуде. Қылмыстық процестік заңнамасына процестік келісім, келісімдік іс жүргізу, қылмыстық теріс қылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны, бұйрықтық іс жүргізу және т.б. сияқты жаңа институттар енгізілген болатын.

Сонымен қатар, елдегі криминогендік жағдайды, тергеу аппараты мен судьялар корпусына іс жүргізу жүктемесін ескере отырып, қылмыстық процестік заңнамасын жетілдірудің жаңа тұжырымдамалық тәсілдерін және оны іске асыру тетіктерін әзірлеуді талап ететін проблемалар әлі де бар.

Осыған байланысты қылмыстық істерді соттарда қарау және оларды жіберу мәселелері бойынша халықаралық қылмыстық әділет тәжірибесін зерделеу орынды болып көрінеді.

Ғылыми және практикалық жағынан алғанда Эстонияның қылмыстық процесі қызығушылық тудырады. Осы елдің қылмыстық істерді соттарға жіберудің кейбір ерекшеліктеріне тоқталайық. Айта кету керек, бұл сұраққа қатысты Эстонияның қылмыстық процестік заңнамасының кейбір тұжырымдамалық негіздері 1988 жылғы Италияның Қылмыстық процестік кодексінен алынған (Codice di Procedura Penale).

Эстонияның қылмыстық процестік кодексінің 222-бабына сәйкес [2] (бұдан әрі-Э ҚПК), егер тергеу органы қылмыстық іс бойынша қажетті дәлелдемелер жиналғанына сенімді болса, қылмыстық істің жүйелендірілген материалдарын дәлелдемелермен бірге прокуратураға дереу береді. Осы жерде прокуратураның өкімі бойынша тергеу органы прокуратураға Э ҚПК талаптарына сәйкес келетін сотқа дейінгі іс жүргізу бойынша қорытынды береді (153-б.).

Прокуратура қылмыстық істі алғаннан кейін сотқа дейінгі іс жүргізуді аяқталды деп таниды немесе қылмыстық іс жүргізуді тоқтатады. Қажет болған жағдайда прокуратура

қосымша әрекеттер жасайды. Прокуратура қылмыстық іс тұрғысынан маңызы жоқ материалдарды қылмыстық істен алып тастауға және қажет болған жағдайда жаңа жүйелеуді жүргізуге құқылы.

Бұдан әрі күдіктінің, қорғаушының, жәбірленушінің және азаматтық жауапкердің қылмыстық іс материалдарымен танысу жүргізіледі. Немесе қажет болған жағдайда прокуратура келісімді іс жүргізуді қолдану бойынша іс-әрекеттер жасайды.

Айта кету керек, осы кезеңде Эстонияда қылмыстық істің материалдарымен танысу үшін ұсынуды прокуратура органдары жүргізеді, керісінше отандық заңнама бойынша оны тергеу органдары іске асырады.

Әдетте, Эстонияда прокуратура қорғаушыға қылмыстық істің көшірмесін электрондық тасымалдағышта немесе қорғаушының жазбаша дәлелді өтініші негізінде қағаз тасымалдағышта ұсынады. Қорғаушы істің көшірмесінен бас тарта алады. Көшірмені қабылдау немесе одан бас тарту қорғаушының қолы қойылып жүргізіледі.

Қылмыстық іс материалдарын электронды нұсқада таныстырудың осындай тәжірибесі оң және қазіргі шындыққа сәйкес келеді деп санаймыз. Себебі электрондық құжат айналымы уақыт пен қаражатты ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорғаушының қатысуы міндетті емес жағдайларда, онда танысу тікелей күдіктімен жүргізіледі. Эстония ҚПК-нің 224, 224-1-баптарының мағынасынан күдіктінің, айыпталушының өзін таныстыру соңғысының өтініші бойынша, қорғаушы арқылы жүзеге асырылады. Бұдан әрі танысқаннан кейін өтінішхат берілуі мүмкін (225-бап).

Сонымен қатар, Қазақстанның қылмыстық процесі үшін айыптау актісін жасау рәсімінің ғылыми-практикалық маңызы бар. Мәселен, Э ҚПК 226-бабының 1-бөлігіне сәйкес "(1) Егер прокуратура қылмыстық іс материалдарымен танысқаннан кейін қылмыстық іс бойынша қажетті дәлелдемелердің жиналғанына көз жеткізсе, онда ол осы Кодекстің 154-бабына сәйкес айыптау актісін жасайды". Айыптау актісіне прокуратура сотқа шақыру туралы өтініш білдірген адамдардың тізімі қоса беріледі.

Бұл кезеңнің ерекшелігі прокуратура айыптау актісін сотқа қағаз және электронды түрде жібереді, сондай-ақ оны шақырылған адамдар тізімінен үзінділермен бірге айыпталушы мен қорғаушыға береді.

Э ҚПК-нің 226-бабының мазмұнынан келіп шығатыны, сотқа қылмыстық іс материалдарынсыз айыптау актісі ғана жіберіледі.

Алайда, Э ҚПК-нің (154-б.) талаптары бойынша айыптау актісінде айыптау үшін негіз болатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, қандай мән-жай қандай дәлелдемен расталатынын, заттай дәлелдемелер және қылмыстық іс жүргізу барысында алынған өзге де объектілер туралы деректер және т.б. көрсетілетінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, айыптау актісін жасау және оны сотқа жіберу процедурасы қорғаныс позициясын білдіруді қарастырады. Мәселен, айыптау актісінің көшірмесін алғаннан кейін қорғаушы алдын ала отырысқа дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын сотқа қорғау актісін, ал прокуратураға оның көшірмесін береді. Қылмыстық іс аса күрделі немесе көлемді болған жағдайда сот дәлелді өтінішхатта көрсетілген мерзімді ұзарта алады (227-б.1-Б.).

Қорғау актісінде:

1) айыптау актісінде келтірілген айыптауға және залалға қатысты қандай қорғау ұстанымдары, оның ішінде айыптау актісінде ұсынылған қандай дәлелдер мен ұстанымдар шағымдалады және қандай ұстанымдар қабылданады;

2) қорғаушы қандай мән-жайды қандай дәлелдемен дәлелдеу көзделетінін көрсете отырып, сотқа ұсынғысы келетін дәлелдемелерді ұсынады;

3) қорғаушы сот отырысына шақыру туралы өтінішхат беретін адамдардың тізімі;

4) қорғаушының өзге де өтінішхаттары жатады.

Қорғау актісінің үлгі нысанын осы салаға жауапты министр өз қаулысымен белгілейді.

Егер қорғаушы қорғау актісін мерзімінде ұсынбаса, онда сот бұл туралы Эстонияның адвокатура басқармасына дереу хабарлайды және айыпталушыға сот белгілеген мерзімге жаңа

қорғаушы таңдауды ұсынады немесе айыпталушыға оның қорғаушысын тағайындайды, Эстонияның адвокатурасын қорғаушы тағайындауға міндеттейді.

Эстонияның қылмыстық процестік заңнамасында қорғаушының актіні дайындауын және оны сот пен прокуратураға жіберуді талап ететін норманы бекіту адвокаттардың қылмыстық қудалау орбитасындағы адамдарға білікті заң көмегін ұсыну сапасын арттыру жөніндегі құқықтық құралдардың бірі болып табылады. Бұл құқықтық реттеу адвокаттық корпустың кәсіби қызметіне жауапкершілікпен қарауды күшейту үшін айтарлықтай әсер етеді, қылмыстық процеске қатысушыларды тәртіпке келтіреді, өйткені адвокат қылмыстық іс материалдарын зерделеуді, айыпталушыны (сотталушыны) қорғау үшін өз ұстанымын қалыптастыруды талап етеді және куәландырады.

Бұдан басқа, айыптау актісі мен қорғау актісі сотқа келіп түскен кезде судьяға істі қарауға дейін айыптаудың ғана емес, қорғаудың да дәлелдерін зерделеуге мүмкіндік беріледі, осылайша айыптау еңістігі барынша азайтылады, қорғаушының процестік белсенділігі артады.

Айыптау актісін қылмыстық іс материалдарынсыз сотқа жіберу туралы ереже Эстонияның уездік соттарында жалпы тәртіппен қарау кезінде қолданылады. ҚПК 10-тарауының мазмұнынан келесі туындайды сот тергеуінде прокурор өтініш берген айыптауды растайтын дәлелдемелер ғана зерттеледі.

Дәлелдемелерді зерттеу прокурор ұсынған дәлелдемелерді зерттеуден басталады және қорғаушы мен сот ісін жүргізудің басқа тараптары ұсынған дәлелдемелерді зерттеумен жалғасады.

Жалпы алғанда, қылмыстық істі қараудың жалпы тәртібінде куәлардың, жәбірленушінің, айыпталушының, маманның, сарапшының айғақтары жауап алу арқылы зерттеледі, сараптама актілері және т.б. жарияланады.

Сонымен бірге, Э ҚПК-нің 297-бабына сәйкес сот ісін жүргізу тараптары ұсынған дәлелдемелерді зерттегеннен кейін сот тараптардың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинауды тағайындай алады. Сот ісін жүргізу тарапы өтініште қосымша дәлелдемелер жинау қажеттілігін негіздеуге және ол бұған дейін қандай себеппен өтініш білдірмегенін түсіндіруге тиіс. Қосымша дәлелдемелер жинау туралы мәселені шешу қорытындылары бойынша сот қаулы шығарады.

Қазақстанның қылмыстық процесіне осындай тәжірибені енгізу мұқият зерделеуді және ғылыми болжауды талап етеді деп санаймыз.

Эстонияның заңнамалық тәжірибесін ескере отырып, мұндай рәсім енгізілген жағдайда (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ҚР ЖС) қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша қылмыстық істерді сотқа жіберуді жетілдіру мәселелерін пысықтауы аясында) ұсынымдар ретінде қылмыстық іс материалдарымен танысу бөлігінде заңнамалық тәсілді назарға алу ұсынылады. ҚР ЖС осы тәжірибені енгізу қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстардан бастау керектігі туралы ұстанымы дұрыс деп санаймыз.

Осыған байланысты, процестік кепілдіктер ретінде қорғау тарапына қылмыстық істің барлық материалдарын электрондық (цифрландыру және Е-қылмыстық іс жағдайында әбден мүмкін) немесе қағаз түрінде беруді орынды деп санаймыз. Себебі сот процесінде судья қылмыстық істің барлық материалдарын көрмейді, тек айыптау актісін, қорғау актісін және оларда сипатталған дәлелдемелерді ғана зерттейді. Осылайша, мұндай рәсім сайысушылықты арттыруға және әртүрлі процестік теріс қылықтарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636>

2. Уголовно-процессуальный кодекс Эстонии // <https://v1.juristaitab.ee/ru/zakonodatelstvo/ugolovno-processualnyy-kodeks>